



Соборъ Маршъ // Банда ЖВ

Сабақ мақсаты:

- *1). Білімділік.* Ауыз әдебиетінің бір түрі батырлар жырымен таныстыру. Оқушыларды халқымыздың өнегелі батыр ұлы адамдары туралы түсінік беру. Қабанбай батырмен таныстыру және Алпамыс батыр жырынан үзіндіні оқыту, мазмұнын түсіндіру.
- *2). Дамытушылық:* Оқушыларды мәтінді мәнерлеп, түсініп оқу қабілеттерінің дамуына ықпал ету, және ой-өрістерін кеңейту.
- *3). Тәрбиелік:* Ұлттық сезімдерін ояту, елі, жері үшін еңбек ете білуге, өнегелі болуға тәрбиелеу.

Ұйымдастыру кезеңі:

«Дәннен бастап-ағашқа дейін» жаттығуы

Оқушыларға, олардың әрқайсысы үлкен болып өсіп ағашқа айналғысы келетін-кішкентай дәндер екенін елестетуді ұсынады.

Міне олар өсіп жатыр.

Ол бірінші ісінеді, сосын жер астынан өніп шығады, сосын жапырақтарын жаяды, өсіп-өніп, үлкен ағаш болады.

(өкшесін көтеріп жоғары қарай созылу, қолдарын жайып сабақ сияқты жайқалу)

Үш тілде сәлемдесу

Үй тапсырмасын тексеру:

**4 сынып оқушылары Арасанбай Естеновтың
«Абылай» атты өлеңін жатқа айтады.**

**3 сынып оқушылары «Түркістан» өлеңін
мәнерлеп оқу.**

«Бағдаршам» әдісі бойынша бағалау

**Әр оқушы кезектесіп шығып, өз өлеңін жатқа
айтып береді, қалған балалар оларды «Бағдаршам»
әдісі бойынша бағалайды. Әр оқушының қасына
түстерге байланысты сан жазып отырады.**

Қызығушылықты ояту

Ребус шешу

3 сынып



п / намыс

4 сынып



“Микрофон әдісі”

Ұсынылған сұрақтар бойынша оқушыларға өз пікірлерін айтуға мүмкіндік беріледі. Сыныпқа микрофон немесе соған ұқсас бір зат жіберіледі.


- Сендер батырлар жыры туралы не білесіңдер?
- Батырлардың ең негізгі қасиетін атаңдаршы?
- Қазіргі уақытта батырлар деп кімдерді айтуға болады?
- Батырлық, батылдық туралы қандай мақал – мәтелдер білесіңдер?

Жаңа сабақ

Ауыз әдебиеті шығармаларының халыққа көп тараған түрі- **батырлар жыры**. Батырлар жырының мазмұнына Отанын сыртқы жаудан қорғау, өз елін басқаларға тәуелді етпеу мұраты арқау болған. Қобыланды, Қабанбай, Алпамыс, Ер Тарғын және басқа батырлар- өз халқын шын сүйген, ұрпаққа үлгі болар ерлер. Батырлар жырын айтушы да, бізге жеткізуші де- **жыршылар**.

3 сынып оқушыларымен
«Алпамыс батыр және Байшұбар ат»
«Алпамыс батыр» жырынан үзінді.

4 сынып оқушыларымен
Қабдеш Жұмаділовтың «Қабанбай»
«Дарабоз» романынан үзіндісі
туралы сөз қозғаймыз.



- *Қабдеш Жұмаділов 1936 ж.т*
- **Қазақстанның халық жазушысы**
- **Қытайдағы Шыңжаң өлкесінің Шәуешек ауданында дүниеге келген**
- **Романдары:**
- **«Соңғы көш», «Тағдыр», «Дарабоз», «Қылкөпір»**
- **Туындылары дүниежүзінің көптеген тілдеріне аударылған**

Бейнебаян көру

**1. Алпамыс батыр мен
Байшұбар ат**

**2. Қаракерей Қабанбай батыр
туралы**

3. Қабанбайдың аталуы

Оқулықпен жұмыс
Әңгімені оқу, талқылау
Шығармашылық жұмыс

*4 сынып оқушылары қару-жарақ суреттерінің
жартысы бойынша жұпқа бөлінеді
(постер құрастыру)*

3 сынып

**1. Алпамыстың қару –
жарақ атауларын жазу**

4 сынып

1 жұп

**1.Қабанмен айқас кезінде оның
қандай қасиеттері байқалды?**

4 сынып

2 жұп

1.Ерасылға мінездеме бер?

Сергіту сәті «Қазақия»



Дәптермен жұмыс

Дәптерде сөздік жұмысысын жүргізу

3 сынып

Байбөрі-

Алпамыстың әкесі.

Құлтай- Байбөрінің
немере ағасы.

Мәдет- сенер үмітім,
қорғанышым.

4 сынып

Дарабоз- Қабанбайға
Абылай ханның қойғай
аты.

Дуалы ауыз- айтқаны
келетін адам.

Сардар- қолбасшы.


Сөзін жықпау-
айтқанын орындау.

Хақ- шындық, анық.

Қопа- қамысты жер.

Жезде- әпкесінің күйеуі.

Балдыз- әйелінің өзінен
жасы кіші туысы.



Қорытынды
«Баспалдақ» ойыны арқылы сабақты
қорытындылау

Мұғалім оқушыларды баспалдақтың ең соңғы сатысына тұрғызып, сұрақтар береді, кім жауап берсе, сол жоғары көтеріліп отырады. Баспалдақ сатысы бойынша қорытынды баға қойылады

Қорытынды сұрақтар

- 1. Қабанбай батырдың азан қойып шақырған есімі*
- 2. Алпамыстың әкесінің аты*
- 3. Абылай хан Қабанбайға қандай ат қойды?*
- 4. Қабанбай батыр аталуына не себеп болды?*
- 5. Ерасыл “Қабанбай” атымен қай батырмен жекпе-жекке шықты?*

Үйге тапсырма

*3 сынып мәтінді оқу, мазмұндау, «Байшұбар»
атқа бес жолды өлең жазып келу.*

*4 сынып мәтінді оқу, мазмұндау, Қабанбай
батыр туралы мәлімет жинау*

Бағалау